

Ясауи университеті

yasau.gazeti@ayu.edu.kz

университет студенттерінің цні

№13 (590) 17 желтоқсан 2025 жыл



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ

БАР БАҚЫТЫМ - ЕГЕМЕНДІК

Тәріме әкелгенде тәл өнер құт,
Тәліпін сәйлемесек неге келдік.
Тарихи тәуелсіздік күні ғой бұл,
Әрекіе он алтысын елеген жұрт.
Желтоқсанда көрсеттік ҚСРО-ға,
Қайрат пен Ербол болып ерен ерлік.
Қазағын азаттықтың қадрін біл,
Көшіңді аждастырмас көрегендік.
Ебелар аңсап кеткен тәуелсіздік,
Еңіңеі ұрпақ, мына біз егемендік.
Енді бізге бақытқа басқа да емес,
Мәңгілік бұзылмайтын керек елдік.
Өміткені қазағының оң бірінші,
Ең соңғы бақыты да егемендік.
Ел болды, етек жиып есі кіреген,
Тәуелсіздік күніне тілегі сол.
Текті ұрпақ, іңгелесін бөсіңнен,
Арбір ұрпақ, отанын ақыл өссе,
Жасау келіп сығалмас есіңнен.
Құдайы қазағын айырмашы,
Осынау беріп жатқан несіңнен.
Қой үстіне бозторғай ақшынтыққан,
Той үстіне той болған осы күннен!

Асылжан ЕСІМХАНҰЛЫ,
1 курс студенті.

*Ғылым көкжиегі

II ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАС ҒАЛЫМДАР КОНГРЕСІ ӨТТІ

Оқу орнымыздың делегациясы Қазақстан жас ғалымдарының II Халықаралық конгресіне қатысты. Іс-шара Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясының ұйымдастыруымен, ЮНЕСКО-ның «Сенім, өзгерістер және ертеңгі күн: 2050 жылға қажет ғылым» тақырыбына арналып өткізілді.

Пленарлық форум «Ғылым ордасында» ұйымдастырылса, секциялық мәжілістер мен мастер-кларстар қаланың бес жетекші жоғары оқу орнында өтті. Конгреске 1000-нан астам жас зерттеуші, 26 елден келген 80-нен астам шетелдік ғалымдар, академиктер, ғылыми ұйымдардың басшылары қатысты.

Конгреске қатысушылар қатарында оқу орнымыздың да ғалымдары бар. Атап айтар болсақ, Жас ғалымдар кеңесі төрағасының орынбасары Шахзода Турсунходжаева, Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық кафедрасының меңгерушісі, PhD,

қауымдастырылған профессор Бағлан Ермаханов, Халықаралық қатынастар кафедрасының PhD, аға оқытушылары Шенел Гуледже мен Рүштү Кая қатысты. Университетіміздің жас ғалымдарын оқу орнымыздың ректоры Жанар Темірбекова бастап барды.

Конгресс қатысушыларына Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин құттықтау жолдап, мемлекет саясатының басты басымдығы – ғылым екенін атап өтті.

Пленарлық сессияда ғалымдар ғылымның болашағы және жаһандық трансформациялардағы жастардың рөлі туралы, отандық ғылыми инфрақұрылымды нығайтудың зерттеу мектептерін дамытудың, өзектілігін атап өтті.

Жиын қорытындысы бойынша жас ғалымдар Президент жариялаған ғылымды дамыту бағытын қолдап, «Ғылым жастары» тұжырымдамасын іске асырудың маңызын атап өтті.

«ЯУ-ақпарат».

ГАРВАРД УНИВЕРСИТЕТІНЕ ҒЫЛЫМИ ІССАПАР


Оқу ордамыздың Еуразия ғылыми-зерттеу базасында жүзеге асылырып жатқан «Қазақстанның қолжазба мұрасы: реестрлеу, реставрациялау, ғылыми каталогтау, цифрландыру және кешенді кодикологиялық зерттеу» жобасы аясында университетіміздің делегациясы АҚШ-тың Бостон қаласындағы Гарвард университетіне ғылыми іссапармен барды.



Іссапар Ахмет Ясауи университеті, «Ғылым ордасы» РМК, Astana IT University және Гарвард университетінің консорциумдық келісімі негізінде жүзеге асты. Делегация құрамына Ғылым департаментінің директоры, PhD Х.Масадиқов пен Назарбаев университетінің Әлеуметтану және антропология кафедрасының профессоры, PhD Ұлан Биғожин кірді.

Іссапардың мақсаты – Қазақстанның тарихи қолжазбаларын реестрлеу, ғылыми каталогтау және цифрландыру бойынша әлемдік тәжірибені зерделеу сондай-ақ, Гарвард университетінің және Дэвис орталығы ғалымдарымен тығыз байланыс орнату, жетекші сарапшылармен пікір алмасу және ғылыми мәселелерді талқылау, ортақ ғылыми іс-шаралар ұйымдастыру мәселесін талқылау.

Отандық зерттеушілер Гарвард университетінің жетекші маманда-



рымен кездесулер өткізді. Атап айтқанда, Гарвард университеті Дэвис орталығының Орталық Азия бағдарламасының директоры Наргис Касенова мен Дэвис орталығының атқарушы директоры Крис Мартин, Өнер және ғылым факультеті Шығыс Азия тілдері және өркениеті кафедрасының Шағатай тілдерінің оқытушысы Гүлнар Эзиз Юлғұн, Гарвард және Вайденер кітапханасының Таяу Шығыс жобасының сарапшысы Рысбек Алимовпен, сондай-ақ Хоутон кітапханасының қолжазбалар жөніндегі куратор орынбасары Кристин Джейкобсонмен мазмұнды пікір алмасу өтті. Бұл кездесулер ғылыми ынтымақтастық мүмкіндіктерін жан-жақты талқылауға жол ашты.

Ғалымдар Гарвард университетінің Хоутон, Виденер және басқа да орталық кітапханаларында жұмыс істеп, сирек қолжазбалар қорымен танысты. Каталогтау және цифрландыру үдерістерін зерттеді. HOLLIS жүйесі арқылы Орталық Азияға қатысты Ислам дереккөздерінің базасымен жұмыс жүргізді.

Ғылыми байланыстарды нығайту мақсатында бірлескен семинарлар, воркшоптар және ғылыми іс-шаралар өткізу, шағатай тілін оқыту мен қолжазбаларды зерттеу



жөнінде жаңа серіктестік бағыттарын дамыту және Қазақстанға Гарвард ғалымдарының сапарын ұйымдастыру мүмкіндіктері талқыланды. Сонымен қатар, Гүлнар Эзиз Юлғұн жоба аясында шағатай тілінің онлайн сөздігін жасау бастамасын ұсынды.

Университетіміз алдағы уақытта да халықаралық ғылыми серіктестікті нығайтып, Қазақстанның тарихи және мәдени мұрасын зерттеу бағытындағы жұмыстарын кеңейте береді.

«ЯУ-ақпарат».

ОБЪЕКТИВТЕ — ЕҢБЕК АДАМЫ

Бүгін университетімізде «2025-Жұмысшы мамандықтар жылы» бастамасы аясында және 16 желтоқсан – Тәуелсіздік мерекесіне орай «Еңбек» фотокөрмесінің салтанатты ашылуы өтті. Көрмеде қырыққа жуық кейіпкердің күнделікті өмірдегі еңбегі бейнеленген фотосуреттер көпшілікке ұсынылды. Оқу ордамызда отыз жылға жуық еңбек етіп келе жатқан мамандардың фотосуреттері қойылды. Фотокөрменің сәнін келтірген кейіпкерлер: қазандық пен су қоймасының кәсіби мамандары, еден жуушы мен дала сыпырушы,



басы болғандықтан оқу ордамыздың тарапынан 40-қа жуық еңбек адамына марапат қағазы ұсынылды. Бұл жоба еңбек адамдарының мәртебесін көтеріп қана қойған жоқ, алдағы уақыттағы еңбектеріне үлкен құлшыныс сыйлады. Университет басшылығына деген ризашылықтарын қуанышты жүздерінен байқауға болады.

Алдағы уақытта университетіміздің сайттарында, әлеуметтік желілердегі парақшаларда «Журналистика» кафедрасының практик-оқытушысы, @beine.pro интернет журналының редакторы Жанерке Хумардың тәлімгерлігімен

жатақхана кезекшісі, бағбан мен суғарушы және ағаш шебері, тағы басқа да маман иелері. Іс-шара мақсаты аталған еңбек адамдарының мәртебесін биіктету, қоғамдағы, оқу орнындағы рөлін арттыру. Көрмеге келіп, өз бейнелерін көру еңбек адамы үшін үлкен қуаныш болды. Еңбек адамына бір сәттік бақыт сыйлауды мақсат еткен фотокөрме ұжымы көпшіліктің ризашылығына бөленді.

Фотосуреттерді белгілі фотографтар Әйгерім Бегімбет, Нақып Шынтемір және Өнер медиа және дизайн факультеті, Журналистика кафедрасының студенттері түсірген. Болашақ фотожурналистер үшін таптырмас тәжірибе алаңына айналды. Қырық жұмыстың 17-і Журналистика мамандығында білім алатын студенттердің еңбегі. Үлкен көрмеде еңбегі еленген жастардың



да мерейі тасыды. Өнер мамандығының студенттері де өз өнерлерін паш етті. Арнау айтып, халық әндерін орындады.

Аталмыш фотокөрме – Ахмет Ясауи университеті мен @beine.pro интернет журналының біріккен жо-

студенттер дайындаған репортаждар мен рилс-видеолар жарияланатын болады.

Балзия ШЕГЕТАЙҚЫЗЫ.

ЖАСТАРҒА БАР ЖАҒДАҰ ЖАСАЛҒАН

Бүгінде заманауи университет тек білім беретін оқу орны ғана емес, сонымен қатар студенттердің жан-жақты дамуына жағдай жасайтын орталықтарымен ерекшеленбек. Оқу бағдарламасынан тыс, студенттік өмірдің сапасы, олардың эмоционалдық денсаулығы және әлеуметтік белсенділігі басымдыққа ие. Дәл осы маңызды бағытты университеттегі Әлеуметтік-мәдени жұмыстарды ұйымдастыру және психологиялық қолдау көрсету бөлімі алып жүреді. Бұл бөлімнің күнделікті жұмысы қалай жүруде студенттерге қандай қолдау көрсетіледі және олардың негізгі міндеттері қандай? Біз осы сұрақтарға жауап алу үшін аталған бөлімнің басшысы Эльмира Үсенқызымен арнайы сұхбаттастық.



– Университет көлемінде қазіргі таңда қандай тәрбие бағытындағы іс-шаралар өтіп жатыр?

– Біздің бөлім Әлеуметтік-мәдени жұмыстарды ұйымдастыру және Психологиялық қолдау көрсету бағыттары бойынша жұмыс істейді. Жалпы, біз әлеуметтік даму жөніндегі вице-ректором, тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасарлары және топ тәлімгерлерімен бірлесе отырып, алты негізгі бағытты қамтимыз. Оларды тізбелеп көрсетсек:

- Ұлттық патриоттық тәрбие
- Азаматтық-құқықтық тәрбие
- Рухани-адамгершілік тәрбие
- Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты
- Көркемдік-эстетикалық тәрбие
- Ақпараттық мәдениетті қалыптастыру болмақ. Осы бағыттар бойынша түрлі іс-шаралар өткізіп, студенттердің дәрістен тыс уақыттарын мазмұнды өткізіп, олардың тұлғалық дамуына үлес қосуды мақсат етеміз.

– Студенттерді шынымен қызықтыратын, олардың белсенділігін арттыратын қандай жаңа форматтағы шаралар ұйымдастырылып жүр? Мысал келтіре аласыз ба?

– Біз іс-шараларды студенттердің жүрегіне жеткізетіндей, әрі ой саларлықтай форматта өткізуге тырысамыз. Мысалы, жуырда ғана біз Қазақстан Президентінің Жарлығы бойынша «Таза Қазақстан» акциясы аясында ерекше жоба жүзеге асырдық. «Өнер, медиа және дизайн» факультетінің сту-

денттерімен бірлесіп, Хантағы тау бөктеріне барып, тазалық жұмыстарын жүргіздік. «Қалдықтарды қайта өңдеудегі өнер» деген тақырыппен өткен бұл акцияның басты ерекшелігі – экологиялық тәрбиемен өнерді ұштастыруында болды. Студенттер жиналған қалдықтардан түрлі пайдаға асатын, жақсы заттар жасап шығарды. Жұмыстар бағаланып, жүлделі орындар мен университет тағайындаған сыйлықтар берілді.

Сонымен қатар: Кимешек күні іс-шарасының да өз мәні бар. Аналық пен даналықтың симво-

Домалақ ана, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне экскурсия ұйымдастырдық. Бұл шарамыз да өте қызықты өтті, сапар барысында әр ұлт өкілдері өз тілдерінде ән айтып, биледі. Тәуелсіздік күні қарсаңында Ұлттық рухты оятатын, ерекше атмосфера сезілетіндей етіп безендіру жұмыстарын челлендж ретінде жасадық.

– Студенттердің бұл іс-шараларға қаншалықты белсенді араласады? Олар тарапынан ұсыныстар бола ма, ұйымдастыруға құлшыныстары бар ма?



лы аясында ұлттық киімдерімізді насихаттап, кимешектің әр кезеңін қамтыған үлкен көрме өткіздік. Мәдени саяхаттар тоқталсақ: шетелдік студенттерге Оңтүстік Қазақстанның тарихи-мәдени өңірлерін таныту мақсатында Ақмешіт,

– Иә, біздің студенттер өте белсенді. Біз түрлі шараларды студенттермен бірігіп отырып жасаймыз. Олардың өз бастамалары мен ұсыныстары бөлім жұмысына үлкен серпін мен тың идея береді. Кейде олардың қиялының ұшқыр-

лығына риза боламыз. Студенттерге ұдайы айтып жүреміз, тағы да осы сұхбатты пайдаланып айтайын: әрқашанда біз оларға ашықпыз, студенттер тарапынан ұсынылған идеяларды жүзеге асыруға әзірміз.

**– Жатақхана-
дағы студенттердің
жалпы ахуалы
қалай? Тұрмыс-тір-
шілігі, жағдайы
жөнінде не айта
аласыз?**

– Жатақхананың өзінің арнайы бөлімі, басшысы және жастар орталығы бар. Тәрбие ісі бөліміндегі декан орынбасарлары тұрақты түрде барып, студенттердің тұрмыс жағдайымен танысып, іс-шаралар өткізіп тұрады. Олар әр факультеттің студенттерін біріктіре отырып түрлі форматта жұмыс жасайды. Бұл тарапта олардың еңбегі ауыз толтырып айтарлықтай деуге болады.

Өзім де қандай заттар жарамды, не жетіспейді – соның бәрін анықтау және жоғары басшылыққа жеткізу мақсатында жақында тексеру мақсатында барып көрдім жатақхананы. Қазіргі таңда жатақханада жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр, біз жазып кеткен кемшіліктер мен жетіспейтін дүниелердің барлығы басшылықтың тапсырмасымен жасалуда. Жалпы, университетімізде студенттер үшін барлық жағдай жасалған. Осы ретте біздің бөлімде психологиялық қолдақ көрсету жұмыстарына тоқталсақ деймін. Бізде 2 білікті психолог маман жұмыс істейді.

Алнұр мырза орыс тілінде, Ләззат ханым қазақ тілді аудиториямен жұмыс жасауда және университет студенттері мен қызметкерлеріне тегін қызмет көрсетеді. Бұл да оқу ордамыздың студенттерге жағдай жасап отырғанын көрсетеді.

Психологиялық қолдау бөлімінде арнайы медициналық-диагностикалық аппарат жұмыс істейді, яғни пациенттің саусақ іздері арқылы оның психологиялық-эмоционалдық жай-күйін ғылыми негізде

анықтайды. Соған қарап ол адамның қай қабілетін шыңдауға болады, қандай кемшін тұстарымен дербес жұмыс істеуге болатынын анықтайды. Мұндай аппараттың өзі көп оқу орындарында кездесе бермейді. Басшылықтың осындай

университет көлемінде ел Тәуелсіздігіне орай түрлі іс-шаралар өтуде. Жуырда ғана «Тәуелсіздік – тұғырым» атты мерекелік іс-шара өтті. Студенттер де ұстаздар да белсенділік танытып, патриоттық танытып жатқаны қуантады.



білікті кәсіби мамандарды университетімізге алдырып, олардың қызметі студенттерге игілігі үшін тегін беріліп жатқанын ерекше атап өткім келеді.

**– Тәрбие жұмыстарын
ұйымдастыруда қай факуль-
теттер белсенділік танытуда?**

– Мен әрине, бөліп-жарып атамаймын, барлық факультеттердің тәрбие жөніндегі орынбасарларына бізбен бірге, жүкті жұмыла көтеріскендері үшін алғысымды айтқым келеді. Олардың барлығы да белсенді, ықыласты. Белсенді де білімді, жастарға тән жарқын энергиялары көзге ұрып тұратын студенттеріміз де аз емес. Қазір

**– Алдағы жоспарларыңызбен
бөлісеңіз.**

– Екінші жартыжылдықта өте көп және қызықты іс-шаралар жоспарлануда. Отбасы күніне орай оқытушылар отбасымен қатысатын «Менің отбасым» атты спорттық ойын-сауық іс шарасы бар. Іс-шараларымыздың ауқымын кеңейте түсу үшін «Фараб» кітапханасы, «Ұлы дала орталығымен» де бірлескен жобаларымыз болады, бұйыртса келесі семестрде. Бүгінгідей, барлық жағдай жасалған былайша айтқанда қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заманда өмірі сүріп жатсақ та, өкінішке орай қоғамда көлеңкелі тұстар жоқ емес. Жастар арасында ойынқұмарлық, нашақорлық, суицид, жат ағымның жетегінде кету деген секілді қоғамдағы түйткілді мәселелер жоқ емес. Жастар тәрбиесіндегі ауқымды шаралардың бір парасы осы бағыттағы іс-шаралармен жыл бойы жалғасып, өрбитін болады.

**– Сұхбатыңызға көп рахмет,
жұмыстарыңызға сәт-
тілік тілеймін.**

**Сұхбаттасқан:
Дарига Досмаханбет,
4-курс студенті.**

АТАЖҰРТТЫ АҢСАП



Ерболат Самғар- Филология факультетінің 1-курс студенті (ҚХР).

– Мен үшін тәуелсіздік сөзінің рухани мағынасы зор. Ол – ата-бабамыздың арманы, олардың ғасырлар бойғы күресінің нәтижесі. Тәуелсіз елде өмір сүру – тек саяси немесе құқықтық ұғым ғана емес, әрбір азаматтың сана-сезіміндегі еркіндік пен ұлттық болмысты сақтаудың мәнін білдіреді.


Тәуелсіздік тек билік пен экономика үшін ғана маңызды емес, ол әр адамның өмір сүру салтына, өз пікірін айтуға, таңдау жасауға деген құқығына әсер етеді. Мысалы, білім алу жолында, шығармашылық немесе кәсіпкерлік бастауларында тәуелсіздік сезімі адамның ерік-жігерін күшейтеді. Сол себепті тәуелсіздікті мен тек саяси термин ретінде емес, өмірлік құндылық, рухани тәуелсіздік ретінде қабылдаймын.

Қытайдағы қазақ жастары өз тілін, дәстүрін және ұлттық мұрасын сақтауға үлкен мән береді. Біз күнделікті өмірде қазақша сөйлесуге тырысамыз, ұлттық мерекелерді атап өтуге мән береміз, салт-дәстүрімізді ұмытпауға күш саламыз. Бұл біздің ұлттық идентификациямызды сақтаудың басты жолы. Мысалы, Наурыз, Құрбан айт сияқты мерекелерді үйде, мектепте және достарымызбен бірге атап өтуге тырысамыз, қазақша әндер айтып, әдебиетімізді оқимыз. Дегенмен, ірі қалаларда,

кейбір аймақтарда Қытай тілінің ықпалы басым. Көп жағдайда қарым-қатынас қытай тілінде жүреді, бұл қазақ тілін күнделікті өмірде қолдануды шектейді.

Тәуелсіздіктің шынайы қадірін көбіне шетелдегі қазақтар сезеді деп ойлаймын. Себебі өз еліңнен алыс жүргенде ең алдымен ана тіліңнің орны ойсырап тұрады. Өз тілінде сөйлеу мүмкіндігі шектеулі, өз дәстүріңді толық ұстана алмай қалуың да мүмкін. Сол кезде адамның жүрегіне «шіркін, егер өз елімде болсам, бәрі басқаша болар еді» деген ой келеді.

Қазақстанда болса, тәуелсіздік күнделікті өмірдің бір бөлшегі сияқты сезіледі, ал, біз үшін ерекше маңызды.



Мұхаммед Али Бөз, Филология факультетінің 2-курс студенті (Түркия).

– Шетелде өскен қазақтар үшін ана тілінің орны ерекше. Біз ылғи да Қазақстанды алыстан сағынып, тілімізді, дәстүрімізді, мәдениетімізді жүрегімізде сақтап өсеміз.

Шеттегі қазаққа қазақша оқу – ең үлкен бақыт. Бұл өзіңнің кім екеніңді ұмытпау, ұлттық болмысты сақтау. Ана тілінде оқуың, айнала толы өз қазағың, бұл деген зор бақыт, еркіндік қой! Шынымды айтсам, шетелдегі қазаққа қазақша оқу – ең үлкен бақыт дегенді толықтай айта аламын. Осы тараптан Тәуелсіздік мен үшін

ерекше құнды әрі маңызды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанда байқалған ең үлкен өзгерістердің бірі – елдің экономикалық моделінің түбегейлі жаңаруы. Кеңес жүйесінен нарықтық экономикаға көшу қоғамның барлық саласын өзгертті. Қазақстан халықаралық аренаға да белсенді шықты. Ел әлемдік ұйымдарға мүше болып, көптеген елдермен дипломатиялық байланыс орнатты, халықаралық жобаларға қатысып, сыртқы саясатта өз орнын айқындады.

Мен тәуелсіз Қазақстанның болашағын дамыған, бейбітшіл әрі өркениетті мемлекет ретінде елестетемін. Ең алдымен, еліміздің экономикасы мен өндірісі мықты, жаңа технологияларға сүйенетін қуатты мемлекетке айналады деп сенемін. Жастар білімге, ғылымға, инновацияға бет бұрып, елдің интеллектуалды әлеуетін арттыра түседі деп ойлаймын.

Жастар – қоғамға ең жылдам бейімделетін, жаңашылдықты қабылдайтын, қоғамды алға сүйрей алатын қабілеті бар жандар. Сондықтан олардың ой өрісі кең болса, білімге құштар болса, ұлттық құндылықтарын қадірлеп, заманауи әлемнің талабына сай әрекет ете алса – елдің келешегі сөзсіз мықты болады.



Әмине Хуатбек, Өнер, медиа және дизайн факультетінің 2-курс студенті (Монғолия).

ЖЕТКЕН БАҒЫРЛАР

Тәуелсіздікті қалай бағалайды?

— Тәуелсіздік мен үшін — халықтың өз жолын өзі таңдай алуы, өз шешімін өзі қабылдауы. Тәуелсіз елде адамдар еркін ойлап, еркін білім алады. Әр азамат өз арманын орындауға мүмкіндік табады. Тәуелсіздік — қауіпсіздік, тұрақтылық және сенімді болашақ белгісі. Өйткені тәуелсіз мемлекетте жастар үшін білім, жұмыс, даму жолдары ашық. Бұл менің жеке өміріме де, болашағыма да үлкен әсер етеді.

Тәуелсіздік маған күш, мотивация және жауапкершілік береді. Өйткені еркін елдің азаматы болу — үлкен мақтаныш.

Қазақстанға келуіме бірнеше себеп болды. Біріншіден, Қазақстан — менің тарихи отаным! Қазақстан дамып келе жатқан, білім беру жүйесі жақсы ел. Мұндағы университеттерде халықаралық бағдарламалар, тәжірибелі ұстаздар бар. Екіншіден, Түркістан — қазақ халқының рухани орталығы, тарихы терең қала. Мұнда білім алу маған ерекше әсер береді, себебі қала руханиятқа, мәдениетке өте бай. Үшіншіден, Қазақстан — маған жақын, мұнда орта, тіл, менталитет тез үйренуге ыңғайлы. Қазақстанда шетелдік студенттерге жағдай жақсы жасалған.

Ана тілімді бала кезімнен үйде сөйлеп, үлкендерден тыңдап сақтап келдім.

Отбасым әрқашан өз тілімізді құрметтеуді үйретті. Мереке-лерде ұлттық киім киіп, дәстүрлі тағамдар дайындап, салтымызды сақтап келеміз. Достар ортасы да тілді сақтауға әсер етті. Біз бір-бірімізбен ана тілімізде сөйлесуге тырыстық. Қысқасы, отбасым мен ортам менің тілдік мәдениетімді нығайтып, ұлттық сана-сезімімді қалыптастырды.

Тіл — тек қарым-қатынас құралы емес, ол — мәдениет, тарих, рухани байлық. Сондықтан ана тілімді сақтау — мен үшін өте маңызды.



Ернұр Құлымбетов, Медицина факультетінің 1 курс студенті (Өзбекстан)

Өзге елде жүрсем де, қазақ тілін сақтап қалу үшін саналы түрде күнделікті өмірімде арнайы дағдылар қалыптастырдым. Ең алдымен, арнайы қазақ тілі мектебінде білім алдым. Бұл маған тек тіл емес, мәдениет пен салт-дәстүрді тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Үйде жанұяммен әрдайым тек қазақша сөйлесуді әдетке айналдырдық. Тіпті тұрмыстық қарапайым диалогтардың өзі тілді ұмытпауға үлкен әсер етеді.

Күн сайын кем дегенде біраз уақытты қазақша контентке арнайтынмын: кітап оқыдым, жаңалықтар қарадым, подкаст пен ән тыңдадым. Жазу дағдымды жоғалтпас үшін күнделік жазып, ойымды да қазақша жеткізуге тырыстым. Өйткені, Қазақстанда оқимын деген мақсат болды.

Қазақстандағы білім, медицина және қызмет көрсету саласын жалпы алғанда оң бағалаймын. Менің елімде білім алуды таңдағанымның басты себебі — мұнда берілетін білімнің сапасы мен мүмкіндіктерінің жылдан-жылға артып келе жатқаны. Қазір көптеген оқу орындары халықаралық стандарттарға сай болуға ұмтылып, жаңа бағдарламалар енгізіп, тәжірибелі мамандарды тартуда. Жас талант-

тарға арналған гранттар, ғылыми жобалар мен шетелде тәжірибе алмасу мүмкіндіктері де көбейіп жатыр.

Қазақстандағы еркіндік пен құқықтық мүмкіндіктерді жалпы оң қырынан сезінемін. Орталық Азия елдері арасында бұл жағынан Қазақстан озық тұрғанын айту керек. Өз ойыңды ашық айтуға, білім алып, мамандық таңдауға, бизнес бастауға немесе әр салада жұмыс істеуге мүмкіндік бар. Әрине, кез келген елде сияқты кейбір қиындықтар мен бюрократиялық кедергілер кездесуі мүмкін, бірақ соған қарамастан жеке құқықтарыңды жүзеге асыруға жағдай жеткілікті деп ойлаймын.

Өмір сүруге, жұмыс істеуге, жаңа бастамаларды жүзеге асыруға жол ашық деп сезінемін. Әсіресе, соңғы жылдары құқықтық мәдениет пен азаматтық белсенділік деңгейінің артуы азаматтарға өз пікірін білдіруге, қоғамдық өмірге қатысуға мүмкіндік береді. Сондықтан елімізде еркіндік пен құқықтық дамудың бағыт-бағдары бар, әрі алға жылжып келе жатқанын байқаймын.

Алғашқы кезде біршама қиындықтар болды, себебі олар көбіне таза қазақ тілінде сөйлейтін, ал мен үшін кейбір сөздер мен мәнерлерге үйрену қиындау тиді. Бейтаныс ортаға бірден бейімделу де оңай емес қой. Бірақ уақыт өте келе барлығы өз орнына келе бастады - тілге де, ортаға да тез үйреніп кеттім. Достарымның ашықтығы, мейірімділігі және қолдаушылығына ризамын. Олар әрдайым көмектесуге дайын, сұрақ қойсаң жауап береді, бағыт-бағдар көрсетеді. Сол себепті өзімді бөтен сезінген жоқпын. Не десек те, бұл менің Атамекенім, тарихи отаным ғой!

Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын, баянды болсын деймін!

Сұхбаттасқан:
Арман мен Асылжан,
1-курс студенттері.

АЗАТТЫҚ БАСТАУЫНДАҒЫ АЛАШ АРЫСТАРЫ

Жүрегі қазақ деп соққан, қазақ халқын ашаршылықтан құтқарып қалған ұлт қайраткері Тұрар Рысқұловтың, қазақтан шыққан тұңғыш елші, сол заманда бірнеше шет тілін білген дипломат Нәзір Төреқұловтың, сонымен қатар, Түркістан перзенті Сұлтанбек Қожанов, Ораз Исаев секілді қазақ зиялыларының қайда жерленгенін білесіз бе?

Коммунарка зираты – Мәскеу облысының Домодедов ауданында орналасқан зират. Ол Кеңес Одағының сталиндік қуғын-сүргін кезеңіндегі саяси репрессиялардың ауыр тағдырлардың іздерін сақтаған қасіретті орын 1930-1950 жылдар аралығында, яғни сталиндік қуғын-сүргін кезеңінде, бұл жерде көптеген адамдар атылып, жерленген. Зираттың пайда болуы Совет Одағының қатал саяси тәртібімен тікелей байланысты. «Тұрар Рысқұлов» деректі фильмінің режиссері Еркін Рақышевтің айтуынша қайраткер жайлы фильм түсірмес бұрын, Тұрар Рысқұловтың қайда жерленгенін анықтау қажет болған. «Бұл бірден жүзеге асқан жоқ, бұл нысан

1999 жылға дейін жабық қабірстан болған екен» дейді режиссер. Көп жылдар бойы бұл орын НКВД-ның құпия нысаны ретінде «Лоза» атын жамылғанымен белгілі. 1937 жылы 28-наурызда НКВД-ның бастығы Г.Ягода ұсталып, атылды. Сол кезде Г.Ягоданы өзінің саяжайына жерлейді. Яғни, бұл қабірстан алғашында Г.Ягоданың саяжайы болған. 1990- жылға дейін құпия болған бұл орында әлі күнге дейін зерттеулер жалғасуда. Зерттеу жүргізген ғалымдар 1943 шаршы метрден 130 көму нүктелерін тапқан. Әзірге есімі белгілі тек 6609 адам ғана.

Коммунарка – тек жер қойнауындағы тыныштық емес, тарихымыздың ең қаралы беттері

сақталған қасірет мекені. Бұл жердегі әр атылған оқ – бір ұлттың жүрегіне тиген жара. Алаш арыстары Қазақ елінің тәуелсіз мемлекет болса деп армандады. Алаш лидерлері Ә.Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы дамыған, ғылым-білімі озық Жапон елінің үлгісінде мемлекет құрамыз деп ойлады. Осындай асыл армандары, Алаш идеясы үшін Кеңестік режимге көнбеген еркіндігі үшін Олар құрбан болды. Біз олардың ерлігін ұмытпасақ, өткеннің қателігі қайталанбайды. Ендеше, «тарихты ұмытпаған – болашағын бағамдайды» дегенді тұжырымды жадымызда ұстайық дегім келеді.

Инжу ЖҰМАБЕК,
журналистика 1-курс студенті.

ЕРКІНДІККЕ ЖАСАЛҒАН ҚАДАМ

Тарихта ұлттың тағдырын анықтайтын шешуші сәттер болады. Қазақ халқы үшін сондай кезеңдердің бірі – 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі дер едім. Бұл күн – елдің санасын оятқан, еркіндікке деген сенімді күшейткен маңызды сәт. Бүгінгі ұрпақ үшін ол тек өткеннің бір парағы емес, тәуелсіздіктің қандай қиын жолмен келгенін көрсететін тарихи сабақ.

1986 жылы Алматы қаласының орталық алаңына шыққан жастардың мақсаты – ешқандай бүлік жасау емес, тек әділдік орнатып, өз пікірін ашық жеткізу еді. Алайда, билік жастардың үніне құлақ аспады... Арнайы жасақтар жіберіліп, бейбіт шеруге қатысқандарға қысым көрсетілді. Көптеген жастар жазықсыз жазаға тартылды. Көп қан төгілді, бірқатар жастар құрбан болды. Осы оқиға қазақ жастарының еркіндікке деген ерік-жігерін, намысын көрсетті. Желтоқсан көтеріліс арқылы халық өз үнінің бар екенін, болашағына өздері жауапты екенін дәлелдеді.

Сол қанды қырғында ерекше көзге түскен: Ербол Сыпатаев, Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асановаларды бүгінде елдің батырына айналды. Олар өз өмірін қауіпке тігіп, әділетсіздікке қарсы тұрды. Қайрат Рысқұлбековтің түрмеде отырған кезінде де өз пікірінен бас тартпауы – үлкен ерліктің белгісі. Оның батылдығы бүгінгі ұрпаққа үлгі.

Желтоқсан оқиғасы тек қайғы-қасірет ғана емес, үмітке бастар жол болды. Араға бірнеше жыл салып,

1991 жылы Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде дүниеге келді. Әрине, бұл жолда көптеген тарихи, саяси себептер әсер етті, бірақ ең алғашқы серпін, ең үлкен өзгеріс сол 1986 жылғы жастар қозғалысынан басталған еді.

Бүгінгі таңда біз қалауымызша білім алып, өз тілімізде сөйлеп, өз тарихымызды еркін оқи аламыз. Мұндай мүмкіндік бізге оңай келген жоқ. Бұл – Желтоқсан алаңында қасқайып тұрған жастардың ерлік әрекетінің жемісі. Сондықтан қазіргі ұрпақ сол ерлікті ұмытпай, қадірін білуі керек.

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы – қазақ халқының рухын көтерген, ұлттық сананы оятқан, тәуелсіздікке жол ашқан тарихи кезең. Бұл – еркіндікке қарай жасалған ең қиын, бірақ ең мағыналы қадам. Біз осы оқиғаны естен шығармай, оның маңызын әрдайым түсініп жүруге тиіспіз.

Толғанай АЙГӨЗ,
журналистика 1-курс студенті.

Бүгінде ақпарат деген тым көп, кім не айтып жатыр, қайсысы рас, қайсысы жалған – бәрін сүзгіден өткізу күннен күнге қиындап барады. Сондықтан да мені, болашақ журналист ретінде қазіргі медианың қандай күйде тұрғаны алаңдатады. Интернет неге тым әсерлі болып кетті, сондай-ақ, жалпы біздің ақпаратқа деген сеніміміз қалай өзгеріп жатқаны мақала арқауы болмақ. Өйткені қазіргі кезде үлкен-кіші, барлығы телефонға қарап отыратын кезеңде медиа – жай ғана жаңалық емес, адамдардың ойына тікелей әсер ететін орасан зор, ықпалды күшке айналды.



БҮГІНГІ МЕДИА: МЕДАЛЬДІҢ ЕКІ ЖАҒЫ

Осының бәрін түсініп саралау үшін алдымен интернет қолданысына тоқталу керек сияқты. Ресми деректерге қарағанда 2024 жылы Қазақстанда интернетке қосылу деңгейі 92 пайыздан асқан. Яғни елдің басым бөлігі онлайнда, бәрі бір нәрсе көрсек – бірден бөлісеміз, пікір жазамыз, бірден реакция береміз. Ең қызығы – бұл тек байланыс үшін емес, негізгі ақпарат көзіне айналып кеткен. Бұған қосымша, әлеуметтік желіні қолданатындар саны да жыл сайын өсіп жатыр. 2024 жылғы есеп бойынша Қазақстанда 14 миллионнан астам адам әлеуметтік желіде отырады. Бұл – халықтың 70 пайыздан көбі. Сол үшін қазір жаңалықты адамдар алдымен теледидардан емес, әлеуметтік желіден Instagram, TikTok немесе Telegram-нан көретін кезең келді. Бірақ мәселе: мұндай платформаларда факт тексеру, ақпараттың рас-өтірігін анықтау көбіне кейінге қалып қоятындығында. Бір

нәрсені біреу жазса болды, сол сәтте-ақ таралып кетеді.

Дәл осыдан келесі бір мәселе туындайды. Ол – жаһанға жайылар, жылдам тарайтын жалған ақпарат. Интернет қолданушылар көп болған сайын, фейк те соған қарай көбейеді. MediaNet ХЖО-ның дерегінше, өткен жылы журналистер мен медиа өкілдеріне қатысты 300-ден астам шабуыл мен кедергі тіркелген. Бұл ақпарат кеңістігінде белгілі бір қысым бар екенін көрсетеді. Сол себепті әрбір журналистің жұмысы жауапкершілікке толы болып тұр. Журналист қателессе миллиондарды шатастырады. Бір рет қате ақпарат тараса, оның салдары көпке тарайды. Сондықтан да, журналистің тексерілген ақпаратты ғана таратуы журналистиканың ұлы миссиясы деп білемін.

Технология күннен күнге қарыштап дамып, өзгеріп жатыр. 2024 жылы мемлекет жасанды интелектті дамытуға арналған ұлттық жоспарды бекітті. Бұл – ЖИ енді жеке қызық дүниеден

шығып, ресми деңгейде ақпарат өндіру процесінің бір бөлігіне айналып жатқанын білдіреді. Қазірдің өзінде жаңалық мәтіндерін автоматты түрде жазатын жүйелер бар, бірақ олар шынайылық пен адамдық көзқарасты бәрібір алмастыра алмайды. Сондықтан технология дамыса да, журналистің кәсіби этикасы мен фактіні тексеруі бұрынғыдан да маңызды бола түсті.

Қысқасы, онлайн аудитория көбейді, ақпарат тез тарайды, қауіп те бар, ал жаңа технологиялар ақпараттың бағытын мүлде жаңа деңгейге шығарып жатыр. Осындай кезеңде ең бастысы – көптің айқайына емес, нақты дәлелге сүйенген сөз айту. Медальдің екі жағы бар. Сол айтқандай, бүгінгі медиа дамуында оның екі сипаты анық: оң & теріс. Иә, қазіргі медианың күші де, әлсіздігі де – оның жылдамдығында.

Дінмұхамед ҚҰДАЙБЕРГЕН,
4-курс студенті.

Көру емес — сезіну

Түркістанда зағип жандарға осындай қаріптерді үйрететін Нилуфар Бабаханова есімді маман бар. Брайль деп аталатын қаріп жүйесі алты нүктеден тұрады. Нилуфардың қанатымен су сепкен қарлығаштай қоғамға пайдалы қызмет етіп жүргенін көпшілік біле бермеуі де мүмкін.



Зағип жандар кирилл әріптерін осы нүктелерді саусағының ұшымен сипап оқиды. Бастысы, бұл нүктелер сезуге ыңғайлы болуы керек. Отыз сегіз жастағы Нилуфардың өзі де — мүмкіндігі шектеулі жан (1 топ мүгедегі). Ол Брайль қарпін зағиптарға арналған Ташкент мектеп интернатында үйренген. Ол педагог мамандығы бойынша тәмамдаған университетте арнайы инклюзив әдіс болмағандықтан, оқулықтың бәрін өздігінен меңгереді. Бұл тәжірибе оны зағип жандарға қаріп оқытуға итермелеген. Сондықтан бұл іс — ол үшін тек кәсіп емес, жүректің таңдауы. — Көп адам Брайль қарпімен оқуға болатынын білмейді. Қаріпті үйрену үшін алдымен саусақтың сезімтал болуы маңызды. Сондықтан әуелі түймелерді, түрлі дөңді дақылды ұстап көрсетіп, оқушылардың бұлшықеттерін

жаттықтырамыз. Осылайша қол сезімталдығын күшейткен соң әріптерді оқуға үйретеміз. Сабақта «Неменеге ойнап отырсың?» деп, сыныптан шығарып жіберген мұғалімдер де болды. Адамдардың сауатсыздық салдарынан қоғамнан оқшауланғанын қаламаймын. Көзі көрмейтін адам үшін оқу мен тыңдау — өмірмен байланыс. Ол екеуінен де айырылса, адам өзін оқшауланған жандай жалғыз сезінеді. Сондықтан оларды оқуға, тыңдауға, ізденуге ынталандыруды өз міндетім деп білемін», дейді Нилуфар Бабаханова.

Қазір Нилуфар жұмыссыздық бойынша қоғамдық ұйымда тіркеліп, келісімшартпен «Фараб» кітапханасында Брайль қарпінен тегін сабақ беріп жүр. «Қалада зағип жандарға жұмыс табу қиын, оқушылар саны да аз дейді. Бастапқыда одан Брайль қарпін

үш оқушы оқып жүрген, қазір біреуі ғана қалған. Түркістанда бұл қаріпті үйрететін оқу орталықтары тапшы болғандықтан, оқушылардың көбі Шымкент пен Алматыға көшіп кетуге мәжбүр. Оның үстіне, Брайль қарпі жайлы білетіндер өте аз», дейді брайл маманы. Нилуфардың Түркістан қаласының әкімдігі зағип жандарға арнап тек спорт пен мәдени жарыстарын өткізе бермей, Брайль қарпінде диктант жазу, жылдам оқу сынды интеллектуал шараларды да көбірек ұйымдастырса деген ниеті бар. «Зағип жандардың бұл жайлы ақпараты аз болуы да мүмкін. Олар білсе, ынтасы оянар еді» дейді ол.

Ниеті оң Нилуфардың тілегі орындалса екен дейміз біз де.

**Гүлназ Қанатқызы,
1-курс студенті.**

ТӘУЕЛСІЗДІК ҺӘМ ҰЛТТЫҚ САНА

Тәуелсіздік — әр халықтың басты құндылығы. Қазақ халқы үшін бұл тек саяси дербестік емес, ұлттық сана мен мәдени дәстүрді сақтау мүмкіндігі. Тәуелсіздік арқылы ұрпақ өз тарихын, тілін және мәдениетін терең түсініп, сақтап қала алады. Әдебиетіміз осы құндылықтарды ұрпаққа жеткізудің маңызды құралдарының бірі.

Қазақ әдебиеті ұлттық сананы қалыптастыруда маңызы зор. Оның ішінде Абай Құнанбайұлының шығармалары — рухани байлық пен ұлттық құндылықтардың айнасы дер едім. Абайдың қара сөздері мен өлеңдері жастарға өз тілін, дәстүрін құрметтеуді үйретеді. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы қазақ тарихы мен мәдениетін терең түсінуге мүмкіндік береді. Бұл шығарма арқылы оқырмандар ұлттық құндылықтардың маңызын сезініп, оларды болашаққа жеткізуге ынталанады.

Қазіргі қазақ әдебиеті де ұлттық санаға үлкен үлес қосады. Жаңа жазушылар тәуелсіздікті дәріптеп, жастардың мәдени және рухани дамуына септігін тигізетін шығармалар жазады. Мысалы, ұлттық тарихты насихаттайтын эсселер, романдар мен әңгімелер тәу-

елсіздік идеясы мен ұлттық болмысты жаңа ұрпаққа жеткізеді. Сонымен қатар, шетелде оқитын қазақ жастарының тәжірибесі де маңызды. Біздің көп ұлтты, түркі дүниесінен келген жастарың басын қосқан қара шаңырағымыз университетімізде Моңғолия, Қытайдан келген қандас бауырларымыз да бар. Біз олармен араласып, жиі пікірлесеміз. Достарымыздың айтуынша, олар тәуелсіздіктің мәнін терең сезінеді, себебі шетелде өз мәдениетінді толық көрсету қиын. Сол себепті Қазақстанға келіп оқу арқылы жастар ана тілін дамытуға, ұлттық санаға қызығушылығын арттыруға мүмкіндік алады.

Әдебиет арқылы ұрпақ ұлттық құндылықтарды түсініп, оларды болашаққа аманат ете алады. Шетелде жүрген қазақ жастары өз ана тілін, дәстүрін сақтау арқылы ұлттық санаға үлес қосады. Сондықтан әдебиетті насихаттау, жастарға тәуелсіздік пен ұлттық құндылықты түсіндіру — әрқашан басты назарда болуы қажет.

Әлия Мұталхан, 1-курс студенті.

BAĞIMSIZLIĞA TATLI BİR ARMAĞAN: FILOLOJI FAKÜLTESİNDE PASTA YARIŞMASI



Üniversitemiz Filoloji Fakültesinde 9 Aralık tarihinde “Bağımsızlığa Tatlı Bir Armağan” adlı pasta yarışması düzenlendi. Yabancı Diller Eğitimi Bölümü tarafından organize edilen etkinlikte, Kazakistan’ın bağımsızlığı teması çerçevesinde hazırlanan pastalar jüri tarafından değerlendirildi.

Toplam 11 öğrencinin katıldığı yarışmada 10 kız ve 1 erkek öğrenci yer aldı. Sergilenen pastalar hem yaratıcı tasarımlarıyla hem de lezzetleriyle dikkat çekti. Jüri, görünüş ve tat kriterlerine göre yaptığı değerlendirme sonucunda dereceye giren öğrencileri belirlledi. Değerlendirme aşamasının ardından pastalar ile öğrenciler tarafından getirilen diğer tatlıların ziyaretçilere satışı yapıldı.



Katılımcılar, etkinliği hem eğlenceli bir faaliyet hem de farklı bir deneyim olarak değerlendirirken, öğrencilerin bu tür becerilerinin desteklenmesinin önemli olduğunu vurguladılar. Dekanlık, yarışmacılara katılım sertifikası; dereceye giren öğrencilere ise başarı belgesi takdim ederek gençleri onurlandırdı.

Muhlisa İRISMATOVA
Yabancı Diller Eğitimi Bölümü
4. sınıf öğrencisi.

ТЕҢ ҚОҒАМ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Қазақстанның өркениетті қоғам қатарына толық ену жолында әлі де шешімін күтіп жатқан өзекті мәселелер бар. Солардың бірі – мүмкіндігі шектеулі азаматтардың қоғамдық өмірге толыққанды қатысуын қамтамасыз ету.

Елордамыз бен ірі қалаларымыздың көшелерінде, қоғамдық көлікте, сауда орталықтарында мүгедектігі бар азаматтар өте сирек кездеседі. Мұның себебі олардың саны аз емес – еліміздегі мүмкіндігі шектеулі азаматтардың саны 700 мыңнан асады. Себебі: біздің қалаларымыз әлі де мүмкіндігі шектеулі жандар үшін толық жағдай жасалмағандығында. Пандустардың болмауы, тактильдік жолақтардың жетіспеуі, дыбыстық бағдаршамдардың жоқтығы – күнделікті қиындықтар тудырады. Нәтижесінде, мұндай адамдар үйлерінен шықпай отыруға мәжбүр болады. Бірақ, рухы мықты қайсар жандар бұған сағы сына қоймайды. Қуантарлық жайт, еліміздің мүмкіндігі шектеулі азаматтары өздерінің қабілеттерін дәлелдеп жатыр. Паралимпиада чемпиондары халықаралық аренада Қазақстанның намысын қорғайды.

Жоғары оқу орындарында инклюзияның жолға қойылуы, теледидардағы ым тілі мамандары, цифрлық қолжетімділік саласында жұмыс істейтін азаматтардың белсенділігі – қоғамда өз үлесі бар. Жақсы, жағымды дүниелер. Дегенмен, жекелеген жетістіктер жалпы жүйелік мәселелерді жасыра алмайды. Қалалардағы инфрақұрылым әлі де талапқа сай емес. Қоғамдық көзқарас да өзгеруі керек – біз әлі де мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қамқорлық объектісі ретінде қабылдаймыз, олардың тәуелсіз өмір сүруіне толық сенбейміз.

3 желтоқсан – Халықаралық мүмкіндігі шектеулі адамдар күні тұсында біз өзімізге сұрақ қоюымыз керек: біз шынайы инклюзивті қоғам құрып жатырмыз ба?

Қолжетімді орта жасау – тек мемлекеттік органдардың міндеті емес. Бұл біздің бәріміздің ортақ жауапкершілігіміз. Сәулетшілер ғимараттарды жобалағанда, жұмыс берушілер қызметкерлерді іріктегенде, біз көшеде бір-бірімізбен қарым-қатынас жасағанда – барлық жерде инклюзивтілікті ескеруіміз керек.

Егер мүмкіндігі шектеулі азаматтар көшелерде көрінбей жатса – бұл олардың кінәсі емес. Бұл біздің, қоғам ретінде, оларға тең мүмкіндік бере алмай жатқанымыздың белгісі. Өркениетті қоғам – барлық азаматтары үшін қолжетімді, тең құқықты, инклюзивті қоғам. Бұл жолда әрқайсымыздың өз үлесіміз бар екенін ұмытпауымыз керек.

Юнус ӨЗКАН, 4-курс студенті.

*Тәжірибе

БІР РЮКЗАК – МЫҢ ӘСЕР

Ахмет Ясауи университетінің туризм мамандығында оқитын студенттер үшін далалық тәжірибе – аудиториядан тыс ашылатын ең үлкен мектеп. Бұл тәжірибелер болашақ маманды шынықтырып қана қоймай, табиғатты тануға, елдің туристік мүмкіндіктерін зерттеуге жол ашады.

Туризмге қызығушылығы ерте ояңған 2-курс студенті Айдана Рашит үшін әрбір жорық – жаңа әлемге жасалған қадам. Ол туризмді тек сапар емес, мәдениет-



терді жалғап, елдер арасындағы түсіністікті арттыратын маңызды сала деп санайды. Сол себепті оның әрбір тәжірибесі тек оқу емес, өмірлік сабаққа айналып келеді. Айдананың айтуынша, студенттердің соңғы далалық тәжірибесі бес күнге созылған жорыққа ұласқан. Биік асулар,

күннің ыстығы, ауыр рюкзак, су тапшылығы – бәрі шынайы туризмнің қандай екенін анық көрсеткендей. Бұл сапарға Ерсайын ағай жетекшілік еткен топ ерекше дайындықпен шыққан. Тәжірибелі ұстаздың бағыт-бағдары студенттерге сенім беріп, қиындықты еңсеруді үйретті.

Түлкібас ауданының табиғаты ерек. Әсіресе Боралдай сарқырамасының көрінісі студенттерді ерекше шабыттандырған. Жасыл белдеу, мөлдір су, тау салқыны – бәрі ғажап көрініс. Мұндай табиғи сұлулық студенттердің елдің ішкі туризміне деген қызығушылығын арттыра түсті. Жорықтың ең қиыны – су тапшылығы болды. Әр студентке небәрі 1–2 литр су берілді. Аптап ыстықта бұл оңай сынақ емес. Практикаға барған студенттердің көзқарасы да осы сапардан кейін өзгере бастады. Туризм – демалыс емес, табиғатты қорғауды, экологиялық тәртіпті сақтауды, табиғатқа жанашырлық таныту, талап ететін сала екені айқын сезілді.

Ішкі туризмді дамытуда жастардың рөлі зор. Олар жаңа бағыттарды зерттеп, көрмеген жерлерді таныстырып, табиғи нысандарды насихаттай алады. Айдана болашақта гастрономиялық туризмге үлес қосуды көздейді. Қазақтың ұлттық тағамдары мен жылқы етінен жасалатын ас – елдің туристік бренді бола алатын бағыттардың бірі деп санайды.

Табиғатты өз көзімен көріп, таудың иісін сезіп, жердің ерекшелігін жүрекпен түсінген студент қана туризм саласында шынайы нәтиже көрсете алады. Қазақстан өз байлығын танып, ішкі туризмді дамытуға ұмтылса, оның бастауында дәл осындай тәжірибеден өткен жастар тұрады.

Туризм – бір рюкзакқа сыйған мың түрлі әсерден тұратын үлкен әлем. Ал сол әсерлерді жинаған жастар ертең еліміздің туристік болашағын қалыптастыруға дайын болады.

Мерей БАТЫР,
2-курс студенті.

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: ӘТІРГҮЛ ТӘШІМОВА

Медиа және PR орталығы

Тілшілер:
Журналистика кафедрасының
студенттері

Көркемдеуші редактор:
Асқат СӘДІБЕКОВ

Фототілші:
Нақып ШЫНТЕМІРОВ

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 компьютерлік беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою
туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап
«Ясауи университеті» газеті
электрондық және интернет
форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет. Байланыс телефоны: 8/72533/6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru